

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ Өңірлік Университеті  
ТАРАЗСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ М.Х.ДУЛАТИ**

# **ҚОРЫТЫНДЫ МӘЛІМЕТТЕР ИТОГОВЫЕ МАТЕРИАЛЫ**

**ЖАУЫНГЕР ЖАЗУШЫ, КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ БАУЫРЖАН  
МОМЫШҰЛЫНЫҢ 110 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ:  
ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-  
ПРАКТИКАЛЫҚ ОНЛАЙН-КОНФЕРЕНЦИЯСЫ**



**24 желтоқсан 2020 жыл  
Тараз қаласы**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ Өңірлік университеті

## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

### Құрметті әріптестер!

М.Х.Дулари атындағы Тараз өңірлік университеті 2020 жылдың 24 желтоқсанда

«Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен

Жауынгер жазушы, Кеңестер Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының 110 жылдығына арналған «Бауыржан Момышұлы: Тәуелсіздіктің тарихы мен тағылымы» атты республикалық ғылыми-практикалық онлайн-конференциясын өткізеді.

Конференцияда келесі бағыттар бойынша жұмыстар жоспарланады:

1. *Тарих секциясы: Бауыржан Момышұлы: Ұлы Отан соғысы мен қазіргі жаһандану үдерісі*
2. *Әдебиет секциясы: Бауыржан Момышұлының әдеби мұрасы және әдебиет әлеміндегі алар орны*
3. *Тіл секциясы: Бауыржан Момышұлы және қазіргі тіл білімі ғылымындағы өзекті мәселелер*

Конференцияға материалдар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қабылданады.

Конференцияның жұмыс тілі – қазақ тілі

Конференция тақырыбына сәйкес келмейтін, Антиплагиаттан өтпеген мәтіндер (жаңалықтың 60%-нан аз) жариялануға қабылданбайды.

Жинақ pdf форматта авторларға таратылады. Әрбір авторға арнайы сертификат беріледі.

Конференцияға қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне мына электронды пошталарға [alimbay\\_taraz@mail.ru](mailto:alimbay_taraz@mail.ru); [targuconf2311@mail.ru](mailto:targuconf2311@mail.ru); баяндама (мақала) және конференцияға қатысушының тіркеу формасын өткізу қажет.

Электронды пошта арқылы жібергенде «Тақырып» бөлімінде: «Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығы конференциясына \_\_\_\_\_-дан (баяндамашы фамилиясы)» көрсетілсін.

Мақала мәтіні және тіркеу формасы бір файлмен көрсетілсін, файл аты автор фамилиясымен, егер бірнеше автор болса, бірінші автордың атымен аталады.

Мысалы, қатысушы А.Б.Жүнісова файл атын былай ұсынуына болады: Жүнісова. doc; Жүнісова. rtf немесе Zhunisova. doc; Zhunisova. rtf.

Баяндама материалдары мен тіркеу формасы **2020 жылдың 20 желтоқсанға дейін** қабылданады. Талапқа сай емес толтырылған және ұйымдастыру комитетіне көрсетілген уақыттан кеш өткізілген мақалалар ғылыми еңбектер жинағына енгізілмейді. Материалдарды баспаға шығару туралы шешімді сараптау комиссиясы қабылдайды.

## Қатысу тәртібі

Мақала материалдары баспадан шығу үшін келесі талаптарды қанағаттандыру керек.

Баяндама (мақала) мәтіні 5 парақтан аспауы керек және тіркеу формасы MS Word мәтіндік редакторы бойынша жазылған болуы керек:

1. Кестелердің, схемалар, суреттердің тақырыбы көрсетілуі керек және Windows-та терілген болуы қажет.
2. Парақтың параметрлері: жоғарғы -2 см, төменгі -2 см, оң -1,5 см, сол -2,5 см.
3. Шрифт: Times new Roman, кегль – 12.
4. Жоларалық: 1 интервалмен.
5. Жаңа жол: 0,9 см.
6. Сол жақ жоғарғы бұрышында міндетті түрде ЭОЖ (УДК) индексі қойылады.
7. Келесі жолда – ортасынан баяндама тақырыбы **БАС ӘРІПТЕРМЕН (ҚОЮ ШРИФТПЕН)**.
8. Баяндама тақырыбы астына – парақ ортасына жәй әріптермен (қою шрифтпен) **автор (лар) – дың тегі, аты-жөні** жазылады.
9. Астына: жұмыс орындалған мекеменің толық аты (қою шрифтпен) (мақала авторы оқитын немесе жұмыс істейтін жоғары оқу орны, кәсіби орта оқу мекемесі, мектеп).
10. Бір интервалдан кейін жаңа жолдан – баяндама (мақала) материалдары.
11. Әдебиеттер тізімі еңбекте көрсетілу тәртібіне қарай мақаланың соңында жазылады. Сілтеме берілген әдебиеттер мәтінде қысқ, тік жақшаның ішінде әдебиеттер тізіміндегі нөміріне сай нөмірмен көрсетіледі.

## Тіркеу формасы

1. Тегі, аты-жөні (толығымен) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_
2. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (бар болса) \_\_\_\_\_
- 3 Ғылыми жетекшінің аты-жөні \_\_\_\_\_
4. Ғылыми жетекшінің ғылыми дәрежесі \_\_\_\_\_
5. Ұйым (жоғары оқу орнының, кәсіби орта оқу мекемесінің, мектептің аты, мекен-жайы) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_
6. Автордың мекен-жайы (индекс көрсету міндетті) \_\_\_\_\_
7. E-mail (міндетті) \_\_\_\_\_
8. Мақала тақырыбы \_\_\_\_\_
9. Секция \_\_\_\_\_

Барлық сұрақтар бойынша конференцияның ұйымдастыру алқасына хабарласуыңызды сұраймыз.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, телефон: 87475037216, 87776140001, +7(7262) 43-26-37, e-mail: [alimbay\\_taraz@mail.ru](mailto:alimbay_taraz@mail.ru); [targuconf2311@mail.ru](mailto:targuconf2311@mail.ru), мекен-жайы: 080012, Қазақстан Республикасы, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 62-үй.

## КОНФЕРЕНЦИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТӘРТІБІ

| 24.12.2020 ж.                       |                                          |
|-------------------------------------|------------------------------------------|
| 14 <sup>00</sup> -15 <sup>00</sup>  | Онлайн қатысушылардың байланысын тексеру |
| 15 <sup>00</sup> – 16 <sup>30</sup> | Пленарлық мәжіліс                        |

Конференцияның ашылуы  
24 желтоқсан сағ. 15<sup>00</sup> - де  
Zoom бейнеконференция идентификаторы  
7050044324  
Пароль 234564

### Регламент

Пленарлық мәжілісегі баяндамалар 10-15 мин.

## ПОРЯДОК РАБОТЫ КОНФЕРЕНЦИИ

| 24.12.2020 г.                       |                                         |
|-------------------------------------|-----------------------------------------|
| 14 <sup>00</sup> -15 <sup>00</sup>  | Проверить подключение онлайн-участников |
| 15 <sup>00</sup> – 16 <sup>30</sup> | Пленарное заседание                     |

Открытие конференции состоится  
24 декабря в 15<sup>00</sup> ч.  
Идентификатор Zoom видеоконференции  
7050044324  
Пароль 234564

### Регламент

Доклады на пленарном заседании 10-15 мин.

## М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ ӨНІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ- ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

## БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ: ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ



Жауынгер жазушы, Кеңес Одағының Батыры  
Бауыржан Момышұлының 110 жылдығына арналған  
«Бауыржан Момышұлы: Тәуелсіздіктің тарихы мен  
тағылымы» тақырыбындағы республикалық ғылыми-  
тәжірибелік конференцияның

## ШАҚЫРУ-БАҒДАРЛАМАСЫ

24 желтоқсан 2020 ж.



Тараз, 2020

## Құрметті!

«Бауыржан Момышұлы Тәуелсіздіктің тарихы мен  
тағылымы» тақырыбындағы республикалық  
ғылыми-тәжірибелік  
конференция жұмысына қатысуға шақырамыз.

## Ұйымдастыру комитеті

Полковник Бауыржан Момышұлының  
жазбаларынан:

1. Кімде-кім өз ұлтын құрметтеп оны  
мақтаныш етпесе, ол барып тұрған азғын.
2. Жерге тереңді төксең,  
Жеміске кенелесің.  
Халық үшін қаныңды төксең,  
Абыройға бөленесің.
3. Өлім арасында жүрсеңде,  
өмірден үміт үзбегің.
4. Намысты нанға сатпа.

## ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

- М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің, Басқарма төрағасы-ректорының м.а., п.а.д., профессор М. Сарыбековтің кіріспе сөзі.
  - Б.Момышұлы атындағы «Жас ұлан» әскери мектебінің директоры Манар Батырбаевтың құттықтау сөзі.
- Фильм: «Ар-намысты аркалаған рухты батыр Бауыржан» жалпы республикалық бірінші «Адалдық сағаты»

## ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

1. «Бауыржан Момышұлы – әскери азартшылық әлеуеттің негізін салушы» Мекемтас Мырзахметұлы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы, профессор «Бауыржантану» ҒЗО-ның жетекшісі.
2. «Батыр Бауыржан, қазіргі заман немесе Батырдың майындағы із, даналық сөзі» Қым Серікбайұлы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, полковник, әскери ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының әскери ғылымдар Академиясының толық мүшесі.
3. «Бауыржан Момышұлының өнегесі» Мамытбек Қалдыбай, Бауыржантанушы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.
4. «Алаштың айыбы - Бауыржан» Бақытбек Смағұл, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «QAZAQSTAN ARDAGERLERI» қауымдастығының төрағасы.
5. «Б.Момышұлы-каламгер, қолбасшы» Қазыбек Мұхтар, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Бауыржантанушы.

6. «Б.Момышұлының 1432 жеке тектік қоры» Құлай Дауыт, Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві, Жеке тектік тарихи-құжаттық коллекциялармен жұмыс жасау бөлімінің қызметкері.
7. «Бауыржан Момышұлы және Тахауи Ахтанов» Сәмен Құлбарак, Филология ғылымдарының докторы, профессор, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті.
8. «Бауыржан Момышұлының тактикасы мен айлаы жоспары» Баринов Мирас, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер Әскери-тарихи музейінің ғылыми қызметкері.
9. «Құжатта қатталған қолтаңба» Сағиыдық Зейнуллаұлы, Жамбыл облыстық мемлекеттік архивінің бөлім басшысы.

**М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті қабырғасында жауынгер жазушы, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының 110 жылдығына арналған «Бауыржан Момышұлы: Тәуелсіздіктің тарихы мен тағылымы» тақырыбындағы республикалық ғылыми-**

**тәжірибелік конференция өтті**

ZOOM интернет платформасы арқылы ұйымдастырылған шарада Республикамыздың астанасы Нұр-Сұлтан, Алматы Шымкент, Тараз қалаларынан және Ресейдің Санкт-Петербург қаласынан Мақпал Мусина ғалымдары мен бауыржантанушылар, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Архиві мен Жамбыл облысының архиві, Қазақстан Республикасы Әскери-тарихи музейі, қызметкерлері баяндама жасады. Университет ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Махметғали Нұрғалиұлы кіріспе сөзімен конференцияны ашып берді. Өз сөзінде тарихқа шолу жасап, 1997 жылы университетке ғұлама ғалымның аты берілгенін, сол жылы алғашқы конференция өткенін айтты. 1998 жылы бас ғимараттың алдына Мұхаммед Хайдар Дулат бабаның ескерткіші орнатылып, 1999 «Дулатитану» ғылыми-зерттеу орталығының ашылғанын тілге тиек етті.

Конференция барысында университет басшысы биылғы Абай жылымен қатар Бауыржан Момышұлының 110 жылдығына орай университетте көптеген іс-шаралар аталып өтіп жатқанын тілге тиек етті. Студенттер батыр Бауыржанның артында қалған мол мұралармен танысуға мүмкіндік алғанын және бұл жұмыстар алдағы уақытта да жадғасын табады деді.

Бүгінгі күні «Бауыржантану» ҒЗО мен Қазақстан Республикасы Орталық Архиві және музейлер арасында әскери ғалым, жазушы, қолбасшы Б.Момышұлы туралы тарихи деректерді зерттеуде ортақ жұмыстар қолға алынғанын, әрі оны әлі де тереңдетіп, жалғастыру керектігін айтты. Бірігіп атқарған жұмыстарға да тоқталды.

Жиында Алматы қаласындағы Б.Момышұлы атындағы «Жас ұлан» мектебінің директоры полковник Манап Батырбаев құттықтау сөз сйлеп, конференцияға сәттілік тіледі.

Келесі баяндамашы Үндістан ғалымы Иесви Аффан Қазақстан мен Үндістан арасындағы «алтын көпірге» айналған ғұламаның зиратын қайта жөндеп, жаңғыртуда Қазақстанның Үндістан еліндегі елшісі Болат Сәрсенбаевтың еңбегі ерен екеніне тоқталды.

Б.Момышұлының әскери ғылымға қосқан үлесі туралы және шығармаларын жинау, оны баспаға дайындап, жариялау жайында ой қозғаған ф.ғ.д., профессор, Мекемтас Мырзахметұлы бауыржантануға көп көңіл бөлу керегін жеткізді. – Адамзаттың басты артықшылығы - санасы. Ал сананың қуаттылығы сөз арқылы көрініс табады. Сол себепті бір шығарманы зерттеп, зерделеу үшін алдымен оның сөздік қорына зер салған жөн. Мәселен, батып шығармаларында қазақ тілімен бірге орыс сөздері молынан кездеседі. Сол себепті аталған үш тілді игерудің деңгейіне қарай шығарманың жан сарайына жақындай түсуге мүмкіндігі туады. Өйткені, әр тілдің сөздік болмысында өзіне тән елдік сыр-сипаты бар. Сол себепті зерттеуге тандап алған шығарманың тілін білу аздық етеді. Сөздердің ұғымдық ауқымына тереңдеп ену үшін түрлі түсіндірме сөздіктер қажет. Әрбір зерттеуші міндетті түрде сөздердің ұғымдарын ұғыну үшін сөздіктерге сүйеніп жұмыс істеуі керек. Өйткені әр ұлт пен ұлыстың сөздерінің мағнасы сан алуан болып келеді, - деді бауыржантанушы ғалым.

Ғылыми конференция қырғыз елінің ғалымы, Жүсіп Баласағұн атындағы ҚҰУ-ның доценті Темірқұл Асановтың баяндамасымен жалғасты.

Ғылыми-тәжірибелік конференция барысында «Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати танымындағы заман сипаты мен адам келбеті» тақырыбында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми зерттеу институтының директоры, ф.ғ.д., профессор Жанғара Дәдебаев, Манас атындағы Қырғыз-түрік университетінің доценті Белек Қайрат, ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Берекет Кәрібаев, дулатитанушы Мұхтар Қазыбек және Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің бірінші проректоры, т.ғ.д., профессор Асқар Абдуалы ғалымның өмірі мен шығармашылығы, еңбегі турасындағы баяндамаларын оқып, маңызды мәліметтерімен бөлісті.

Екі жылда бір рет өтетін бұл жиынның бұл жолғы реті әдеттегіден өзгеше болды. Карантин талабына сай қашықтан қатысқан ғалымдар интернет арқылы байланысуға мәжбүр болды. Дегенмен, конференцияда қамтылған кейбір баяндамалар «Университет тынысы» газетіне де шығып, электронды нұсқасы таратылып, университет сайтына да орналастырылды.

Ғылыми конференция басында тұсауы кесілген «М.Х. Дулати Қазақстан ғалымдарының зерттеулерінде» кітабы ұлттық, облыстық және жоғары оқу орындарының кітапханаларына таратылатын болады.

## НАША ГОРДОСТЬ И СЛАВА!

**«Бауыржан Момышулы: тәулсіздіктің тарихы мен тағылымы» - так называлась республиканская научно-практическая конференция, посвященная 110-летию писателя-воина, Героя Советского Союза Бауржана Момышулы.**

Состоялась в онлайн-формате на платформе ZOOM. Организатор – Университет Дулати. Цель мероприятия - военно-патриотическое воспитание молодежи, знакомство с жизнью и деятельностью Бауыржана Момышулы. В работе конференции приняли участие профессорско-преподавательский состав, студенты Университета Дулати, сотрудники архивов, бауыржановеды, ученые.

С приветственным словом к участникам обратился и.о. Председателя Правления-Ректора Университета Дулати, доктор педагогических наук, профессор Махметгали Сарыбеков, отметивший, что в вузе проводились мероприятия в честь Бауыржана Момышулы, где студенты знакомились с его многогранным наследием. Далее выступил руководитель республиканской школы «ЖАС УЛАН» имени Бауыржана Момышулы Министерства обороны Республики Казахстан Манап Батырбаев.

Состоялась демонстрация фильма «Ар-намысты арқалаған рухты батыр Бауыржан», посвященного легендарному герою-панфиловцу. Его продолжением стало выступление спикеров. Среди выступающих - лауреат Государственной премии Республики Казахстан, доктор филологических наук, профессор, руководитель исследовательского центра «Бауржантану» Мекемтас Мырзахметұлы, профессор, доктор военных наук, член Академии военных наук Республики Казахстан и Российской Федерации, полковник в отставке Ким Серікбайұлы, бауыржановед Мамытбек Калдыбай, член Союза писателей Казахстана Казыбек Мухтар, доктор филологических наук, профессор Сәмен Құлбарақ и другие.

В ходе конференции говорили о Бауыржане Момышулы как о разносторонней личности – справедливым и прямолинейным, талантливым человеке, талантливым военачальнике, писателе, основоположнике военно-учебной литературы, о его жизненной позиции и мудрых и метких высказываниях, которые не потеряли актуальности и в наши дни.

Особенно тепло прозвучали воспоминания о Бауыржане Момышулы его падчерица Макпал Мусиной (дочь Ганикамал Баубековой). Она показала также фотографии из личного архива.


Мекемтас Мырзахметұлы ознакомил с исследовательской работой, сообщив, что у национального героя есть неопубликованное наследие, и много информации находится в России и на Кубе. Он собрал всю информацию, и работа над изданием книги идет полным ходом. О боевом искусстве Бауке, его уникальной тактике ведения боя рассказал Ким Серікбайұлы, отметивший, что она уже давно как и сам герой служит примером и является частью военной науки. Мухтар Казыбек, член Союза писателей Казахстана, изучил содержание произведений Б. Момышулы «Психология войны», которая представляет психологический анализ писателя-ветерана в исследовании души воина.

Интересными были фотографии и архивные документы, хранящиеся в центральном государственном архиве РК и Жамбылском государственном областном архиве. С ними ознакомили участников конференции представители вышеперечисленных организаций Құлай Дауыт и Сағындық Зейноллаұлы.











# «БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ: ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ»

тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік  
конференциясы



М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті Басқарма төрағасы-  
ректорының м.а., Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері  
**САРЫБЕКОВ МАХМЕТТАЛИ НҰРГАЛИҰЛЫ**, модератор

## СПИКЕРЛЕР



Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген  
қайраткері, профессор, әскери ғылымдарының  
кандидаты, Қазақстан Республикасы және  
Ресей Федерациясының әскери ғылымдар  
Академиясының толық мүшесі  
**КИМ СЕРІКБАЙҰЛЫ**



ҚР Мемлекеттік сыйлығының  
лауреаты, филология ғылымдарының  
докторы, профессор,  
«Бауыржантану» ҒЗО-ның жетекшісі  
**МЕКЕМТАС МЫРЗАХМЕТҰЛЫ**



Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі,  
Бауыржантанушы, дулаттанушы  
**ҚАЗЫБЕК МҰХТАР**



Б.Момышұлы атындағы «Жас ұлан»  
әскери мектебінің директоры  
**МАНАП БАТЫРБАЕВ**



Бауыржантанушы, филология  
ғылымдарының кандидаты, доцент  
**МАМЫТБЕК ҚАЛДЫБАЙ**



Филология ғылымдарының докторы,  
профессор  
**СӘМЕН ҚҰЛБАРАҚ**



Қазақстан Республикасы Орталық  
Мемлекеттік Архиві, Жеке тектік  
тарихи-құжаттық коллекциялармен  
жұмыс жасау бөлімінің қызметкері  
**ҚҰЛАЙ ДАУЫТ**



Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің депутаты, «Қазақстан  
ардагерлері» қауымдастығының  
төрағасы  
**БАҚЫТБЕК СМАҒҰЛҰЛЫ**



Жамбыл облыстық мемлекеттік  
архивінің бөлім басшысы  
**САҒЫНДЫҚ ЗЕЙНОЛЛАҰЛЫ**



Қазақстан Республикасы Қарулы  
Күштер Әскери-тарихи музейінің  
ғылыми қызметкері  
**БАРИНОВ МИРАС**

**ZOOM** | 705 004 43 24  
Пароль: 23 45 64  
24.12.2020 | 15:00

М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ ӨНІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ



# Алғыс хат

## Құрметті Сағындық Зейнуллаұлы мырза!

Дулати университеті 2020 жылдың 24 желтоқсанда өткен Жауыштер жазушы, Кеңес

Одағының Батыры Бауыржап Момышұлының 110 жылдығына арнаған

«Бауыржап Момышұлы: Тәуелсіздіктің тарихы мен тағылымы» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясында «Құжағта қатталған

қолтаңба» баяндамасы үшін

Сізге шынайы ризашылығын білдіреді.



Басқарма Төрағасы  
Ректордың м.а.

М.Сарыбеков

Тараз, 2020 жыл

М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗӨНЕРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



РУХАНИ  
ЖАҒЫРУ



# Алғыс хат

## Құрметті Мекемтас Мырзахметұлы мырза!

Дулати университеті 2020 жылдың 24 желтоқсанда өткен Жауыптар жазушы, Келісс

Отағының Батыры Бауыржан Момышұлының 110 жылдығына арналған

«Бауыржан Момышұлы: Тәуелсіздіктің тарихы мен тағалымы» тақырыбындағы

республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясында «Бауыржан Момышұлы –

әскери ағартушылық әлеуеттің негізін салушы» баяндамасы үшін

Сізге шынайы ризашылығын білдіреді.



Басқарма Тараз асы  
Ректорның м.а.

М.Сарыбеков

Тараз, 2020 жыл

